



Бекітемін  
мектеп директоры

Алиева Г.С.

2024-2025 оқу жылына арналған

Педагог – психологтың жылдық жұмыс жоспары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 25.08.2022 ж. № 377 бұйрығы негізінде «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» (Әділет министрлігінде тіркелген күні 26.08.2022 ж.) психологиялық қызметтің жұмысын жүзеге асыру.

Білім беру ұйымының психологиялық қызметінің жұмысы 5 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

I Диагностика

II Түзету-дамыту жұмысы

III Алдын алу-ағарту жұмысы

IV Кеңесберу

V Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

**Мақсаты:**

Мектепкезеңінде қолайлы психологиялық жағдай жасау және оқу процесінің барлық қатысушыларына психологиялық қолдау көрсету арқылы білім беру процесіне қатысушыларды психологиялық сүйемелдеу.

**Міндеттері:**

- білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту және табысты әлеуметтену қабілетін қалыптастыру;
- оқушыларға, ата-аналар мен педагогтерге психологиялық, консультациялық көмек көрсету;
- мектептің психологиялық қызметінің жемісті қызметіне мектептің барлық педагогикалық құрамын белсенді тарту;
- білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- психодиагностикалық және психокоррекциялық жұмыстарды жүзеге асыру;
- мектепте оқушылардың қолайлы психологиялық ахуалы үшін жағдай жасау.

2024-2025 оқу жылына арналған  
Педагог – психологтың жылдық жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	Жұмыс бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауаптылар	Орындалуы туралы белгі
1	0-11 сынып оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау.	жазбаша	1-11 сыныптар	2-14 қыркүйек	тізім	Педагог-психолог Кемелова А.Б. Арингазина Д.Д.	
2	1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуін зерттеу, бақылау. "Бояу» әдістемесі	диагностика	1 сыныптар	16-28 қыркүйек	анықтама	Педагог-психолог Кемелова А.Б.	Сынып жетекшілер отырысы
3	ПМПК мамандарына ұсынылған оқушылардың құжаттарын реттеу	диагностика	1-11 сыныптар	23-28 қыркүйек	тізім	Педагог-психолог Кемелова А.Б. Арингазина Д.Д.	
4	1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі (оқушылардың жеке мәселесі бойынша ата - аналарға кеңес беру)	ағартушылық прафилактикалық бағыт	1 сынып ата-аналары	16-28 қыркүйек	ата-аналар жиналысы	Педагог-психолог Кемелова А.Б.	
5	Зорлық зомбылықтың алдын алу (тұрмыстық) жасырын сауалнама жүргізу	диагностика	8-11 сыныптар	қажетіне қарай	анықтама	Педагог-психолог Кемелова А.Б. Арингазина Д.Д. ДТІЖО, әлеуметтік педагог	ДЖК
6	Кибер шабуыл кезінде кәмелетке толмағандарға арналған кеңестер	кеңес беру	8-11 сынып	жыл бойы	Анықтама	Педагог – психолог Арингазина Д.Д.	Әлеуметтік желі

						Әлеуметтік педагог	
7	Жас мамандарға арналған психологиялық тренинг	ағартушылық профилактикалық бағыт	жас мамандар	23-28 қыркүйек	анықтама	Педагог-психолог Кемелова А.Б. Арингазина Д.Д.	
8	Лускановтың мектеп мотивациясының скрининг	диагностика (топтық)	5,6 сыныптар	07-27 қазан	анықтама	Педагог-психолог Арингазина Д.Д.	
9	Лускановтың мектеп мотивациясының скрининг	диагностика (топтық)	4 сыныптар	07-27 қазан	анықтама	Педагог-психолог Кемелова А.Б.	
10	Суицидтің алдын – алу « Өмір маған қымбатсың!» тренинг	ағартушылық профилактикалық бағыт	8,9,10,11 сыныптар	14-19 қазан	анықтама	Педагог-психолог Кемелова А.Б. Арингазина Д.Д. ДТДЖО, әлеуметтік педагог	
11	Буллинг, кибербуллинг «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» сынып сағаттары (тренинг, кеңес, ұсыным)	ағартушылық профилактикалық бағыт	4,5,6,7 сыныптар	21-26 қазан	анықтама	Педагог-психолог Кемелова А.Б. Арингазина Д.Д. ДТДЖО, әлеуметтік педагог	
12	1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі	ағартушылық профилактикалық бағыт	мұғалімдер	28.10 – 01.11 қараша	хаттама	Педагог-психолог Кемелова А.Б.	Пед кеңес
13	5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі	ағартушылық профилактикалық бағыт	мұғалімдер	28.10 – 01.11 қараша	хаттама	Педагог-психолог Арингазина Д.Д.	Пед кеңес
	Оқушылардың өзін-өзі бағалау	диагностика	2	04-15	анықтама	Педагог-	

	деңгейін анықтау «Баспалдақ» әдістемесі		сыныптар	қараша		психолог Кемелова А.Б.	
15	Репродуктивті саулық пен оны сақтаудың негізгі дағдылары «Жыныстық қол сұғылмаушылық»	ағартушылық прафилактикалық бағыт (дәріс, медицина мамандарымен кездесу)	9,10,11 сыныптар	11-16 қараша	анықтама	Педагог-психолог Кемелова А.Б. Арингазина Д.Д. ДТЖО, элеуметтік педагог, медбике	АКТ зал, сынып кабинеттері
16	Лускановтың мектеп мотивациясының скрининг	диагностика	3 сыныптар	18-22 қараша	анықтама	Педагог-психолог Кемелова А.Б.	АСПМ
17	Лускановтың мектеп мотивациясының скрининг	диагностика	5,6 сыныптар	18-30 қараша	анықтама	Педагог-психолог Арингазина Д.Д.	АСПМ
18	Оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау «Филлипс тесті»	диагностика	7,8 сынып	18-30 қараша	анықтама	Педагог-психолог Арингазина Д.Д.	АСПМ
19	«Мен оқушымын...» психологиялық сабақ (тренинг)	дамыту	1 сыныптар	25-30 қараша	анықтама	Педагог-психолог Кемелова А.Б.	Әлеуметтік желілер
20	Ғаламторға және компьютерлі ойындар зияны	ағартушылық прафилактикалық бағыт	1-4 сынып	25-30 қараша	анықтама	Педагог-психолог Кемелова А.Б. Арингазина Д.Д. Сынып жетекшілер	Әлеуметтік желілер
21	ПМПК қорытындысы бойынша үйде оқылатын оқушыларға жағымды климат қалыптастыру	ағартушылық прафилактикалық бағыт	1-11 сыныптар	25-30 қараша	анықтама	Педагог-психолог Кемелова А.Б.	

						Арингазина Д.Д.	
22	АСППМ платформасымен жұмыс қортындысы. Зорлық – зомбылықтың алдын алу – алу бойынша жүргізілген жұмыстар	ағартушылық прафилактикалық бағыт	ДЖК	мерзімінде	хаттама	Педагог-психолог Кемелова А.Б. Арингазина Д.Д.	ДЖК
23	Шмишек-Леонард мінез акцентуациясы. Агрессиялық мінез құлықты анықтайтын сауалнама (А. Басс және А. Дарки	диагностика (жеке)	9 сыныптар	16-28 желтоқсан	анықтама	Педагог-психолог Арингазина Д.Д.	АСППМ
24	Филлипстің мектепте үрейлену деңгейін саралау әдістемесі	диагностика	4 сыныптар	02-14 желтоқсан	анықтама	Педагог-психолог Кемелова А.Б.	АСППМ
25	Психологиялық апталық	ағартушылық прафилактикалық бағыт	1-11 сыныптар	02-14 желтоқсан	анықтама	Педагог-психолог Кемелова А.Б. Арингазина Д.Д.	
26	<b>Аутродеструктивтік мінез-құлықтың алдын алу</b> “Көңіл күйіңді көтер” кітап оранжевий	ағартушылық прафилактикалық бағыт	8 -11 сынып	23-28 желтоқсан	хаттама	Педагог-психолог Арингазина Д.Д.	
27	Жас өспірімдер арасында зорлық - зомбылықтың алдын алу	ағартушылық прафилактикалық бағыт	мұғалімдер	мерзімінде	хаттама	Педагог-психолог Кемелова А.Б. Арингазина Д.Д.	Пед кеңес
28	Бала мектепте буллингке ұшыраса ата-ана қалай бақылай алады?	ағартушылық прафилактикалық бағыт	ата-аналар	мерзімінде	хаттама	ДТДЖО Педагог – психолог Кемелова А.Б.	Жалпы атаналар жиналысы

						Арингазина Д.Д.	
28	Шмишек-Леонард мінез акцентуациясы. Агрессиялық мінез құлықты анықтайтын сауалнама (А. Басс және А. Дарки)	диагностика	10,11 сыныптар	13-18 қаңтар	анықтама	Педагог-психолог Арингазина Д.Д.	АСПІМ
28	Сыныптың қарым – қатынас жағдайын анықтау «Бастапқы буын социометриясы»	диагностика	1-4 сыныптар			Педагог-психолог Кемелова А.Б.	
29	Агрессияға қарсы жаттығулар	дамыту (дәріс сабақ, ұсынымдар )	5-6 сыныптар	20-24 қаңтар	анықтама	Педагог-психолог Арингазина Д.Д.	
30	Экстремизм және терроризм насихаттауға қарсы тұру дағдылары	ағартушылық прафилактикалық бағыт	9 сыныптар	27-31 қаңтар	хаттама	Педагог-психолог Арингазина Д.Д. ДТІЖО, әлеуметтік педагог, медбике	АКТ зал
31	«Қауіпсіз Интернет» психологиялық түсіндірме жұмыстары, кеңес беру	ағартушылық прафилактикалық бағыт	7-11 сынып	қаңтар	анықтама	ДТІЖО Өзін -өзі басқару Педагог – психолог Арингазина Д.Д.	
32	«Дос болайық» апталығы	дамыту прафилактикалық бағыт	1-11 сынып	03-15 ақпан	анықтама	Педагог-психолог Кемелова А.Б. Арингазина Д.Д.	
33	«Зорлық-зомбылыққа қарсы не айта аласыз?», «Сақтануға қандай күш	ағартушылық прафилактикалық бағыт	8-11 сынып	ақпан	анықтама	ДТІЖО Әлеуметтік	

	керек?»	бағыт , кеңес беру				педагог Педагог – психолог Арингазина Д.Д.	
34	Өмірлік мақсаттарды белгілеу және оларға жету дағдыларын жетілдіру	дамыту	9,10,11 сынып	17-28 ақпан	анықтама	Педагог- психолог Арингазина Д.Д.	
35	Сынып жетекшілермен сұхбат	ағартушылық прафилактикалық бағыт		мерзімінде	журналға тіркеу	Педагог- психолог Арингазина Д.Д. Кемелова А.Б.	Сынып жетекшіле р отырысы
36	Оқушылардың бойындағы психикалық күйлерін бағалау «Айзенк» тесті	диагностика	9,10,11 сынып	03 – 15 наурыз	анықтама	Педагог- психолог Арингазина Д.Д.	
36	Жыныстық қолсұғушылықтың алдын алу (арнайы платформалар арқылы ақпараттандыру)	ағартушылық прафилактикалық бағыт	ата-аналар	10 – 15 наурыз	анықтама	Педагог- психолог Арингазина Д.Д. Кемелова А.Б.	
37	Отбасы- зорлық- зомбылықсыз балалық шақ «Отбасы суреті» (В.Вульф)	ағартушылық прафилактикалық бағыт	2 - 4 сынып	15 – 20 наурыз	анықтама	Педагог- психолог Кемелова А.Б.	
38	Суицидтік мінез -құлықтың алдын алу «Өзімен және басқалармен тату өмір сүру» тренинг	дамыту	7-8 сынып	15 – 20 наурыз	анықтама	Педагог- психолог Арингазина Д.Д.	
39	<b>Аутродеструктивтік мінез-құлықтың алдын алу</b> «Суицидке қандай балалар бейім?» кеңес беру	ағартушылық прафилактикалық бағыт	мұғалімдер	мерзімінде	хаттама	Педагог- психолог Арингазина Д.Д. Кемелова А.Б.	Пед кеңес
40	1 сынып оқушыларының бейімделуі «Маған мектепте не ұнайды?»	диагностика	1 сыныптар	01- 04 сәуір	анықтама	Педагог- психолог Арингазина Д.Д.	

						Кемелова А.Б.	
41	Бастауыш сынып оқушыларының орта буында оқуға дайындығын диагностикалау «Э.Ф.Замбацявичененің бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой дамуы деңгейін анықтаудың стандартталған әдістемесі»	диагностика	4 сынып	06- 11 сәуір	анықтама	Педагог-психолог Кемелова А.Б.	
42	Оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау "Филлипс» тесті	диагностика	7,8 сынып	06- 11 сәуір	анықтама	Педагог-психолог Арингазина Д.Д.	
43	9-11 сынып оқушыларымен мектеп психологының жүргізілген жұмысы	ағартушылық прафилактикалық бағыт	ДЖК	мерзімінде	хаттама	Педагог-психолог Арингазина Д.Д.	ДЖК
44	«Педагогтардың кәсіби құлдырау бойынша алдын - алу» семинар - тренинг	ағартушылық прафилактикалық бағыт	мұғалімдер	02- 10 мамыр	анықтама	Педагог-психолог Арингазина Д.Д. Кемелова А.Б	
45	«Емтихан барысында өзінді қалай ұстау керек?» баяндама, жаднама	кеңес беру	9,11 сыныптар	15- 20 мамыр	жаднама/ бейнеролик	Педагог-психолог Арингазина Д.Д. Сынып жетекшілер	Әлеуметтік желі
46	4 – сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңдері	кеңес беру	мұғалімдер	мерзімінде	хаттама	Педагог-психолог Кемелова А.Б	Пед кеңес
47	«Баланың психикасын бұзатын жазалар» кеңес беру	ағартушылық прафилактикалық бағыт	ата - аналар	мерзімінде	хаттама	Педагог-психолог Кемелова А.Б Арингазина Д.Д	Жалпы мектепшілік ата – аналар жиналысы
48	“Өмірлік мақсаттарды белгілеу мен	дамыту	9-11 сынып	сұраныс,	анықтама	Педагог-	

	оларға жету дағдыларын дамыту.” <b>Психологиялық сабақ. ЕНТ, МОДО</b> Кітап ЗОЖ			қажеттілік негізінде		психолог Арингазина Д.Д. Кемелова А.Б.
9	Буллинг және кибербуллингтен қорғаудың, бопсалау, әлімжетіктің алдын алу	кеңес беру	5-11 сыныптар	тоқсанына 1 рет	анықтама	Педагог – психолог Әлеуметтік педагог ДТДЖО
0	Сұраныс бойынша психологиялық көмек және қолдау көрсету (ұсыныс, кеңес беру)	жеке, топтық	ата-аналар, оқушылар, педагогтер	жыл бойы	журналға тіркеу	Педагог- психолог Арингазина Д.Д. Кемелова А.Б.
	Кеңес беру жаттығулар бақылауды қажет ететін оқушылармен жұмыс (сұраныс бойынша таным қабілеттерін дамыту)	жеке түзету сабақтары	1-11 сыныптар	үнемі	журналға тіркеу	Педагог- психолог Кемелова А.Б. Арингазина Д.Д.
	ПМПК ға ұсынылған оқушылардың құжаттарын реттеу	Әдістемелік	1-11 сыныптар	мерзімінде		Педагог- психолог Кемелова А.Б. Арингазина Д.Д.
	Жыл бойы жүргізілген жұмыстар есебі	Әдістемелік				Педагог- психолог Кемелова А.Б. Арингазина Д.Д.

Педагог-психолог:

## «Тайтөбе ауылының ЖОББ мектебі» КММ

2023 – 2024 оқу жылындағы психологиялық қызметтің жылдық жоспары

Психолог қызметі 2023 – 2024 оқу жылында тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін және балалардың эмоционалдық оңдылығы мен психофизикалық денсаулығын сақтаудың талаптарын қамтамасыз ететін дамытудың жағымды әлеуметтік ортасын қалыптастыруда педагогтарға, ата-аналарға, әкімшілікке көмек көрсету мақсатында жылдық жоспар жасалып, мектеп әкімшілігімен бекітілді.

Жыл бойы психологиялық қызметтің жылдық жоспарына сәйкес оқушылардың психологиялық даму нәтижелерін бақылап отыру, дамуындағы мәселені шешуге психологиялық көмек көрсету үшін жағдай жасау, индивидуалды және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі негізінде психологиялық талдауды жүзеге асыру, оқушылардың көңіл-күйлерін ұйымдастыруға қатысу және педагогикалық ұжымды және ата-аналарды психологиялық ағарту арқылы, сұраныс иелерін психолог жұмысының түрлерімен, ақыл-кеңестерімен, бағыттарымен құқықтары және міндеттерімен таныстыру арқылы, педагогикалық ұжымды психологиялық қызметтің жұмыс стратегияларын жасауға қатыстыру бойынша жұмыстар жүргізіліп отырды.



### Қыркүйек айы

Жылдық жоспарға сәйкес мектепшілік ата-аналар жиналысы өтілді, жиналыс барысында психологиялық қызметтің оқушылармен жүргізілетін жұмыстарымен және берілетін психологиялық көмектері туралы айтылып, психологиялық қызметтің бұйрығы және келісім қағаздарымен таныстырылды.

5 - сыныптардың ата-аналар жиналысына қатысып тренинг сабақ өткізіп, «Бірінші сынып оқушысының ата анасы нені білу керек?» атты баяндама оқылды.





Қыркүйек айында сыныптардың мектепке бейімделуі бойынша диагностикалық жұмыстар жүргізілді. 1 -5 сыныптардың бейімделуін анықтау мақсатында сабақтарына, үзілісте оқушылар бақыланды. «Кері Йерасек» тесті жүргізілді. 5 - сыныптар бойынша мазасыздануын анықтау мақсатында «Филлипс» тесті алынды. Оқу мотивациясын анықтауға Лускановтың сауалнамасы өткізілді. Қорытындысы бойынша сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне кеңестер берілді.

#### **Қазан айы**

Психологиялық - педагогикалық және медициналық-әлеуметтік қызметі (ПМПК) мамандары мүмкіндігі шектеулі балаларды, дамуында, мінез - құлқында және оқу - тәрбиесінде проблемалары бар балаларға диагностика жүргізіп, ПМПК қорытындысы берілді. ПМПК қорытындысы бойынша үйде оқытылатын, арнайы бағдарламалармен оқытылатын оқушылармен жүргізілетін жұмыстарға жоспар құрылып, сынып жетекшілермен және пән мұғалімдеріне көмек көрсету бойынша әдістемелік кеңес жүргізіліп, үйде оқытылатын және дамуында, мінез - құлқында және оқу - тәрбиесінде проблемалары бар әр оқушыларға ұсынымдар жасалды.

Қарым- қатынасты анықтау барысында «Социаметрия», «Менің отбасым» әдістемелері, сауалнамалар жүргізілді. 2-4 сыныптар арасында мазасыздануын анықтау мақсатында «Кактус» әдістемесі өткізілді. Сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне, өткізілген диагностика бойынша ұсыныстар айтылды.





### Қараша айы

«Зорлық - зомбылық қарсы белсенді іс- қимылдың 16 күні» жаһандық науқанының іс - шаралар жоспары жасалып, жоспар бойынша тренингтер, сынып сағаттары, кездесулер, «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында зорлық балалар көзімен сурет көрмесі ұйымдастырылып, оқушылар белсенділікпен қатысты



«Зорлық - зомбылық қарсы белсенді іс- қимылдың 16 күні» жаһандық науқаны аясында ата – аналармен тренинг өткізіліп, жасөспірімдер арасындағы зорлық –зомбылықты мәселесін түсінуіне, өз-өзіне баға беруге тәрбиелеу, сенімді мінез –құлықты дамыту бойынша пікірталас жүргізіліп, кеңестер берілді.



Сонымен қатар 6-10 сыныптардан «Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ» атты сауалнама, 10-11 сыныптарынан Спилбергеннің мазасыздануын анықтауға арналған сауалнамалар алынып, «Аяқталмаған сөйлем» әдістемесі өткізілді.



Айлық барысында 7-8 сыныптармен «Ашу ыза кернеген кезде не істеу керек?», «Ашудан қалай арылуға болады?» тақырыптарында тренингтер, 9-11 сыныптармен «Пікір талас ұрыс емес» психологиялық сабақ, 5-11 сыныптармен «Буллинг дегеніміз не?», «Кибербуллингті алдын алу» видеороликтер көрсетіліп, сынып сағаттары өткізілді.

#### **Желтоқсан айы**

Сынып мүшелері арасындағы өзара эмоционалдық қатынасты (симпатия, антипатия) анықтау, сыныптың белгілі-бір мүшесінің топтық жағдайын анықтау арқылы қарым-қатынаста алатын орнын белгілеу мақсатында 6 - 9 сынып оқушыларымен «Социометрия» әдісі жүргізіліп, қорытындысы бойынша сынып жетекшілерге сынып лидері, сынып беделділері, топтан қалмаушылар туралы ақпараттар берілді. Сауалнама қорытындысы бойынша сыныптар арасында шеттеп қалған және шағын топтар анықталмады.



Әлемде, жалпы елімізде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулығына қаншалықты зиян екендігін түсіндіре отырып қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл-кеңестер беру мақсатында 6-11 сынып қыздарына арнайы «Жанұя» емханасынан маман шақыртылып «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?» тақырыбында жиналыс өтті.



Оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу, жеке бас гигиенасын сақтауға, дұрыс тамақтануға, дене шынықтыру мен спортпен шұғылдануға, жаман әдеттерден сақтандыру, ішімділік пен темекінің жас организмге зиянды екенін насихаттау мақсатында «Темекінің зияны» тақырыбында 5-11 сынып ұлдарына арнайы маман шақыртылып дөңгелек үстел өткізілді.



Жас маманды психологиялық қолдау іс – шаралары бойынша «Жас келсе іске» тақырыбында тренинг сабақ өтті.



СЛУЖБАСЫ  
ДІЯЛЫҚ  
ҚАДЫР



Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша ата -аналар жиналысында «Мектеп ата- ана оқушы» тақырыбында баяндама және психологиялық жаттығулар жүргізілді. Сонымен қатар 11 – сынып оқушыларына «ҰБТ дегеніміз не?» тақырыбында психологиялық сабақ өткізілді.

Психологиялық қызметтің жұмысын насихаттау, мектеп ұжымының ауызбіршілігін қалыптастыру, оқушылардың шығармашылығын, белсенділігін арттыру мақсатында «Әр адам өз болашағының жаршысы» тақырыбында психологиялық апталық өткізілді. Апталық жоспары бойынша терминдер, танымдық ойын – жаттығулары, ашық есік күндері жүргізілді. Психологиялық апталықтың өтілу барысы мектеп әкімшілігі тарапынан өте жоғары деп бағаланды.



### Қаңтар айы:

Психологиялық қызметтің жылдық жоспарына сәйкес қаңтар айында зорлық-зомбылықтың алдын- алу мақсатында 8-11 сынып оқушыларымен «Зорлық- зомбылықсыз әлем» тақырыбында эссе алынды. Эссе тексеріліп, жасөспірімдердің зорлық - зомбылық туралы көз қарастары және түсінетіндері айқындалды.




9 -11 сынып оқушыларынан кәсіптік өзін-өзі айқындауды шешуде көмек көрсету, құндылықтық бағдарларын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін, өмірлік жоспарлары мен перспективаларын ескере отырып, кәсіптерді дербес және саналы таңдауын қалыптастыруға ықпал ету мақсатында «Кәсіби дайындық» сауалнамасы алынып, қорытындысы бойынша бітіруші оқушылармен жеке консультациялар, топтық тренингтер, колледж, жоғары оқу орындары мамандарымен кездесулер ұйымдастырылып отырды. Сондай - ақ облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген «Менің кәсібім – менің болашағым» эссе байқауына 11- сынып оқушылары қатысып, Жұмашева Гулайна III орын иеленіп, Көкшетау қаласында өтілген іс – шарада дипломмен марапатталды. Жетекшісі педагог -психолог Арингазина Д.Д.



Психологиялық алдын – алу және ағарту және Ы. Алтынсарин ҰБА бағдарламасын іске асыру аясында 7- 11 сынып оқушыларымен «Мен өмірді таңдаймын!» семинар тренингтер жүргізілді.

Шығар айында,  
серіліп,



### Ақпан айы

2024 жылдың 17 қаңтары мен 17 ақпаны аралығында оқушылардың позитивті қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту мақсатында Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің балалар омбудсмендері бастамашылық еткен «ДОСБӨЛЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» республикалық 10 күндік акциясы өтті. Акция барысында оқушылармен түрлі тренингтер, қызықты жаттығулар мен сынып сағаттары өткізілді.



Ақпан айында жылдық жоспарына сәйкес Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық кезеңіне оқушылардың мінез-құлық стратегиясы мен тактикасын өңдеуін, өзін-өзі реттеуін, өзін-өзі бақылауға дағдыландыруын және сенімділігін арттыруын жүзеге асыру мақсатында диагностикалық тесттер алынып, нәтижесі бойынша оқушылармен жеке кеңес және арттерапиялық жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар өздік бақылауды, өз-өздеріне сенімділікті арттыру, жүктемені көтере білуге машықтандыру және күйзелу, абыржу, үрейлендіру сияқты стрестік жағдайлардың алдын-алу бойынша «ҰБТ деген не және оның мен үшін маңызы қандай?», «Емтихан кезінде стресті қалай жеңеміз?» тақырыбында тренингтер жүргізілді.



Ы. Алтынсарин ҰБА бағдарламасын іске асыру аясында және қиын жағдайлар туындаған кезде оқу әсерінің мүмкіндігі туралы хабардар болу мақсатында 4-5 сынып оқушыларына топтық және жеке әңгіме сұхбат жүргізілді.




Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында салауатты өмір сүру салтын насихаттау, қоғамды кері кетіретін жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеу, адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі ЖҚТБ дертінің алдын алу, ең басты байлық денсаулық екенін ұғындыру, денсаулықтың қадірін білуге, жеке бас гигиенасын сақтауға тәрбиелеу мақсатында «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері» сынып сағаттары өткізілді.

«Психологтың кеңестері» айдары жөсөспірімдерге арналған «Егер сізді ренжітсе не істеу керек?» тақырыбында жаднамалар таратылды.

Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік қасиеттерін дамыту мақсатында «Достықты қалай үйренуге болады?» тренингтер жүргізілді.





### Наурыз айы

5 - 7 сынып оқушыларының психологиялық денсаулығының жай - күйін бағалау аясында оқушылардың эго күшінің диагностикасына, оның жағымсыз жағдайларға қарсы тұру қабілетіне, қорғаныс механизмдернің қасиеттері мен жеке тұлға резервтерін ашуға «Жаңбыр астындағы адам» әдістемесі жүргізіліп, қорытындысы бойынша оқушылар арасында өзіне сенімсіз, қорқақ, мазасыздануы жоғары, тұйық, эмоционалдық тұрақсыз, инфантилизм деген жарамсыз көрсеткіштер орын алмады.

Ы. Алтынсарин ҰБА «Орта білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасын іске асыру аясында «Толеранттылық дегеніміз не?» тақырыбында оқушыларды толеранттылық ұғымымен және толерантты және төзімсіз тұлғаның негізгі белгілерімен 7 – 10 сынып оқушыларына таныстыру жұмыстары жүргізілді.





Алдын алу ағарту жұмыстары бойынша Бақыт, қуаныш, сүйіспеншілік құндылықтарының мағынасын түсіндіру, адами қасиеттерін дамыту, сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында «Біз бақытты баламыз!» эссе жазу ұйымдастырылды.



### Сәуір айы

Эмоционалды мен құндылық бағдарларын диагностикалау мақсатымен 3 – 5 сынып оқушыларымен А.О. Орехованың «Үйлер» қарым қатынастарының проективті тесті жүргізілді. Тест қорытындысы бойынша психологиялық қорғаныстың жеке блогын құра отырып, баланың психикасындағы жағымсыз жақтарды елемеуге болатынын, жағымсыз оқиғаларды жою баланың жеке эмоционалдық әлеуетін жүзеге асыруға көмектесетін ойын жаттығулар өткізіліп, сынып жетекшілерге нұсқаулықтар берілді. Әр сыныптың берген жауаптары бойынша жеке оқушылардың өзіндік бағасы шығарылды. Нәтижесінде төмен деңгей көрсеткен оқушы анықталмады.



Баланың ата-анасына және басқа туыстарына қатынасын, өзін-өзі қабылдау ерекшеліктерін, отбасылық мәселелер мен психологиялық



ыңғайсыздық көздерін анықтау және отбасының психологиялық ахуалын зерттеу мақсатында 1 – 2 сынып оқушыларымен «Отбасының кинетикалық үлгісі» проективті әдістемесі аясында суреттер салынып, сынып жетекшілермен бірлесіп, қорытындысы бойынша ағарту жұмыстары жүргізілді.

Педагогтарға кәсіптік ағарту жұмыстары аясында жасөспірімдердің заңсыз әрекет етуі мінез – құлқы және оның алдын алу мақсатында

«Мектептегі бұзақылық» тақырыбында мектеп инспекторымен кездесу өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

### Мамыр айы

Бастауыш сыныптан ортанғы буынға көшу дайындығын зерделеу мақсатында «Мен болашақ бесінші сынып оқушысымын» тақырыбында тренинг жүргізілді. 4- сынып оқушыларының орта буынға бейімделуінде ешқандай кедергі жоқ. Оқушылардың тұлғалық және психикалық дамуында ауытқушылық анықталған жоқ, кеңес беру нәтижесінде оқушылар өз көкейлеріндегі сауалға жан – жақты жауап ала алды.



Сонымен қатар 4 -9 сынып оқушыларына ББЖМ- ге психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатында тест орындаудың сәттілігі үшін қажет жадынама беріліп, оқушыларға психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді.

11- сынып оқушыларының сенімділігін, мінез-құлық, эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру, оқу-танымдық қабілеттерін арттыру бойынша «Барлығы сенің қолыңда!» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушыларға ҰБТ тапсыру кезінде өзін – өзі басқару, сенімділікті арттыру бойынша психологиялық кеңестер беріліп, жаттығулар жүргізілді.

Психологиялық қызметтің жылдық жоспарына сәйкес білім алушылардың зорлық-зомбылықтың оның ішінде – буллинг пен кибербуллингтің барлық түрлерінен қауіпсіздігін сақтау мақсатында іс жоспары бойынша білім алушыларға "Антибуллинг және кибербуллинг дегеніміз не?" тақырыбында білім алушылар мен ата-аналарына видеоролик жіберілді.



Кез-келген адамның кибербуллингке ұшырауы мүмкін екенін білім алушыларға ұғындыру мақсатында ватсап желісі арқылы жаднамалар таратылды. Онлайн қауіпсіздігін сақтау және көмек сұраудан қорықпауды оның әлсіздік емес екендігі туралы "Көмек сұрау - әлсіздік емес" тақырыбында дәрістер өткізілді. Сұраныс бойынша жеке кеңестер берілді.

Сондай ақ, интернет сайттарда балалар арасындағы түрлі келеңсіздіктердің алыды "Күресу жолы қандай?" тақырыбында пікірталас өткізілді. "Интернет шынымен де көмектесе ме, әлде өзімді интернет кесірінен жаман сезінемін ба атты жаднамалар таратылды.

"Интернет сайттары және интернет желілерінен келетін қауіптен қалай сақтанамыз?" тақырыбында жаднамалар таратылады.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылармен даму ерекшеліктеріне, мінезқұлық және эмоциялық проблемаларына орталық факторларына айланысты тиісті деңгейде психологиялық қолдау көрсету, Мектебіміздің мүмкіншілігі шектеулі, үйден оқытатын оқушылармен жыл бойына коррекциялық сабақ жүргізілді.



2024 – 2025 оқу жылындағы психологиялық қызметтің жылдық жоспары бойынша жыл бойы жоспарланған іс – шаралар түзету – дамыту, алдын - ағарту жұмыстары, жеке сұраныс бойынша кеңес беру, ұйымдастыру - әдістемелік жұмыстары өз мерзімінде орындалып отырды.